

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сотының төрағасы  
Асанов Жақып Қажыманұлы мырзаға

Түркістан облыстық сотының төрағасы  
Тұрысбек Ерболғанұлы Мыятбеков мырзаға

08 87-3091  
11 21

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Сіз Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының төрағалық лауазымына тағайындалғаннан бері, Еліміздің сот жүйесінде көптеген өзгерістер мен жаңа жобалар іске асырылуда.

Сонымен қатар, тың жаңашыл заманауи әдістеріңізбен, Тәуелсіз Қазақ елінің сот жүйесінің жаңа имиджін қалыптастырып келесіз.

Еліміздегі заң үстемдігімен, Қазақстан Республикасының Конституциясының аса маңыздылығын үгіт насихаттау жолындағы еңбегіңіз де орасан зор.

Сот жүйесінің дамуына, Сіздің қойған қатаң талаптарыңызға сәйкес, сот ісінің жүргізілуін сауатты да, сапалы атқарып отырған, аудандық (қалалық) соттардағы өкілдеріңіз туралы айтқымыз келіп отыр.

Сіздің жаңашыл жобаларыңызды атқару жолында облыстық және аудандық (қалалық) соттарда ерекше қарқынды жұмыс атқарып жатқан қызметкерлердің бар екендігін есіңізге салғымыз келеді.

1 шілде 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізілген жаңа сот заңға сәйкес, құрылған Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот бүгінде сот жүйесінде өз тәжірибесін қалыптастырып, дұрыс бағытта жұмыс жасап келеді.

Атап айтсақ, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Дербисалиева Жазираш Қалмахановнамен, бас маман – сот мәжілісінің хатшысы Сарсекова Фариза Ғалымбекқызы топ ішінде ерекше біліктілігімен дараланады.

Қазақта «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» - деген қанатты нақыл сөз бар.

Судья Ж.Дербисалиева осы бір ұлағатты нақыл сөзді өмірінде ұран етіп алғандай.

Сот шешімінде әділдік пен парасаттылық өлшемдерін негізге ала отырып шешім қабылдап жүргенін, сот процесін жүргізу барысындағы біліктілігімен адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін де көріп жүрміз.

Олай дей тұрған себебіміз, өкіл ретінде тараптар жағынан қаншама істерге қатысамыз.

Кей істеріміз бойынша талабымыз толық көлемде қанағаттандырылып, кей істеріміз бойынша қанағаттандырудан бас тартылып жатады.

Солай болса да, судья Ж.Дербисалиеваның заң шеңберінде қабылданып шығарған шешімдері біз тарапынан еш наразылығымды тудырмаған.

Сот төрелігін жүзеге асырудағы табыстары, судьялар қауымдастығындағы белсенді қоғамдық қызметі сонымен қатар сот саласында ұзақ жылдар мінсіз қызметі де орасан зор.

Қазақстан Республикасының		
Жоғарғы Соты		
18	11	20 21 ж.
Кіріс №	7213	Парақ 2

Түркістан облысы бойынша соттар әкімшісінде өз қызметін бастап, талдау және жоспарлау, қадағалау және бақылау, іс жүргізушілік, сонымен қатар соттардың қызметін қамтамасыз ету бағытында ерекше жұмыс жасап, қасиетті қара шаңырақ Түркістан қалалық сотында қызметін абыроймен жалғастырып, бүгінде Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында өз қызметін атқарып жатқан хатшы Ф.Сарсековадан болашақта мықты да білікті судья шығарына біз нық сенеміз.

Осындай үздік персоналдар облысымыздың аудандық (қалалық) және оған теңестірілген ауданаралық мамандандырылған соттарда көрінбей және еңбектері еленбей жүрген секілді.

Осы бір сәтті пайдалана отырып, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Дербисалиева Жазираш Калмахановнамен және бас маман – сот мәжілісінің хатшысы Сарсекова Фариза Ғалымбекқызы атқарып жатқан қызметтеріне табыс, отбасына амандық пен дендеріне мықты денсаулық тілейміз.

Жоғарыдағылардың негізінде Сізден аталған қызметкерлердің алда келе жатқан Еліміздің 30 жылдық ұлы мерей той қарсаңында Жоғарғы Соттың басшылық тарапынан жоғарғы деңгейдегі марапатқа ұсынылса деген көңіл жарды тілегіміз бар.

**Ізгі ниетпен:**

**Түркістан қаласының Ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі,**

**Түркістан қаласының құрметті азаматы,**

**Түркістан облысы «Әділет» департаментінің**

**Палатасының төрағасы**



**Ажекулы Балтабай**

**Түркістан қалалық Ақсақалдар кеңесінің**

**алқасының төрағасы**

**Түркістан қаласының құрметті азаматы**



**Кишибаев Жумадулла**

